

*А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті  
Стоматология факультеті  
Хирургия және Балалар жасындағы стоматология кафедрасы*

# Сөж

*Балалардағы беткей тіс жегі*

*Қабылдаған: Ерназарова Б*

*Орындаған: Мұсаханов М*

*Тобы: СТК-436*

*Түркістан-2018*



# *Жоспар*

- *Кіріспе*
- *Негізгі бөлім*
- *Этиологиясы*
- *Клиникалық көрінісі*
- *Ажырату диагностикасы*
- *Емі*
- *Қорытынды*
- *Пайдаланылған әдебиеттер*



## *Беткей тісжегі.*

*Эмальдың айқын зақымдалуы байқалады. Дақ аймағында ол кедір – бұдыр бола бастайды. Тісжегі әлі де эмаль мен дентин шекарасына жетпейді*

*80% — 90% сүт тістері бар балаларда тіс жегі болады*

*80% — жасөспірімдер арасында таралған*

## ***Кіреуке***

***Адам аздадағы ең қатты  
тін.***


***Кіреуке тістің әр  
аймағында әр түрлі:***

***Шайнау тістестердің  
төмпешіктерінде - 2,3-3,5  
мм***

***Түйісу бетінде – 1-1,3мм***

***Тақытша тістерде – 1мм.***

***Тістің мойын бөлігінде  
-0,01мм.***





# Этиологиясы


*Адамның ауыз қуысында белгілі микрофлора болады. Тіс жегі тудыратын белсенді екі микроорганизм түрі бар:*

*Қышқыл түзуші стрептококк, анаэробты ашуды шақырады (оттегісіз жағдайда)*

*Лактобактерия – лактоза және басқа қанттарды сүт қышқылына айналдыратын микроорганизмдер*

*Бұл микроорганизмдер өмір сүру барысында тіс тінін бұзуға қабілетті қышқыл өнімдер тудырады. Олардың көбеюі үшін қажет басты субстрат тағам құрамында болатын көмірсу.*

## Тісжегі даму факторлары





## *Негізгі себептері*

*Түнге қарай баланы тәтті қоспалармен тамақтандыру*

*Бала жақсы тамақтануы үшін сосканы тәтті сироптарға малып беру*

*Тамақтандыру алдында ата – анасының сосканы сорып беруі: соска бетінде ересектер ауызында болатын микробтар қалады*

*Негізі тісжегі балада үш жасында пайда болады. Бірақ кей кезде ертерек те дамиды.*

## *Клиникалық көрінісі*



- 1. субъективті белгілері:  
сырқат тіс химиялық,  
механикалық - тәттіден,  
ащыдан, қышқылдан ауырады.*
- 2) көріп тексергенде тіс  
сауыты қуысының белгілі  
бетіндегі кіші тереңдікте 1 мм  
ойық анықталады.*
- 3) шұқығанда қуыс қабырғасы  
тегіс емес, жұмсақ болады,  
табаны ауырады, қуыстың  
ауызы тар, табаны кеңдеу.*



*Ауырсыну зақымдалған тіске қышқыл қоздырғыштармен әсер еткен кезде байқалады: қышқыл, тәтті, тұзды. Ол қысқа уақытқа созылады және қоздырғышты аластатқан соң басылады.*

*Механикалық әсер кезіндегі ауырсыну (басу, тығыз тағаммен әсер ету) тісжегі аумағы тіс мойны аумағында орналасқан кезде пайда болады.*

*Температуралық әсер (суық және ыстық) ауырсыну сезімін тудырмайды.*

*Тіс жегі аумағы егер эмаль беткейінде болса, стоматологиялық қарау кезінде жақсы көрінеді.*



## *Ажырату диагностикасы*

*Қорытынды диагноз қою үшін басқа аурулардан ажырата білу керек*

*а) гипоплазия - оның аяқша тәрізді түрі.*

*б) флюороз - эрозиялы түрі*

*в) сына тәрізді ақау*

*г) тіс эрозиясы.*

*Гипоплазия мен флюороздың ерекшелігі - ақаудың қабырғасы жылтыр, қатты болып шұқығанда ауырмайды. Сына тәрізді ақау мойнында орналасқан, қабырғалары жылтыр, шұқығанда, ащыдан, тәттіден ауыру сезімі болады.*

*Тіс эрозиясында көбіне алдыңғы тістер жарақаттанады, ерін-жақ бетінде пайда болады. Қабырғасы жылтыр, тегіс. Ауыру сезімі химиялық әсерден пайда болады, симметриялы орналасады.*

# *Емі*

## *Балалар тісжегісін емдеу ерекшеліктері*

*Психологиялық фактордың үлкен маңызы. Дәрігер баламен дұрыс қарым – қатыныс орналастыру қажет, себебі стоматологиялық кабинет көбінде қорқыныш сезімін туындатады.*

*Бала жасында жалпы стоматологиялық кабинетта стомалогпен емдеу 30 минутан аспау қажет. Барлық процедуралар максималды ауырсынусыз өткізілуі қажет.*

*Егер дәрігер инъекциялы анестезия жасайтын болса, укол орнын аэрозоль немесе аппликация арқылы өңдеп алу қажет. Егер бала мазасыз және контактыға келмесе, кей жағдайда жалпы анестезия қолданылады. Ол қатаң көрсеткіш бойынша қолданылады.*

*Сүт тістерін емдеу ерекшелігі тұрақты тістер еміндегідей болады. Тісжегі аумағын бор – машина арқылы тазалайды, кейін пломбирлейді*



# *Күмістендіру*

*Күмістендіру- балаға зияндылығы жоқ, қауіпсіз, қымбат емес, және ең бастысы ешқандай ауру сезімінсіз. Күміс антибактериалды қасиеті жоғары және тіс жегі дамуын тоқтатады. Тістің зақымдалған аймағын күміс ерітіндісін мақталы тампон арқылы жағымыз. Бірақ бұл тәсілдің бір кемшілігі күміс тиген жер қараяды және тістің эмаль қабатын қайта қалпына келмейді*




# Минералдандыру



Минералдандыру- ережесіне байланысты мектеп жасындағы балаларға қолданған тиімді. Бұл әдіс тіс жегінің бастапқы кезеңдерінде өте тиімді болып келеді. Минералдандыру тіс жегіні тоқтатып қана қоймай, оның көзі жоюыда мүмкін. Қолданатын гель құрамында кальци, фтор және фосфор бар. Гель эмаль қабатынан жақсы өту үшін ультрадыбыс, вакуум, немесе электрофорез қолданады. Минералдандыру бір немесе бірнеше емдеу курсы арқылы жүреді

# Озонотерапия



*Кәзіргі таңда балалар тіс жегісіне қарсы ең тиімді әдіс болып саналады. Ол мүлдем зияны жоқ және ешқандайда ауру сезімсіз жүргізіледі, анестезияны қажет етпейді және тістің сыртқы бетін зақымдамайды. Озондандыру кезінде кішкентай селеконды ыдыс арқылы озон тамызамыз, бірнеше секунд ішінде тіс стерилды болып, тіс жегіні дамытатын барлық микробактерияларды көзін толық жойяды*

# *Қорытынды*

## *Кариесті алдын алу*

*Тісжегінің алдын алудың басты шаралары ауыз қуысының негізгі гигиена шараларын орындау және стоматологқа үнемі қаралып отыру қажет.*

## *Ауыз қуысының гигиенасы*

### *Гигиеналық шаралар жасалады:*

*Тіс щеткасы*

*Тіс жіптері*

*Тіс настасы*

*Ауыз қуысын шайқау үшін ерітінділер*

*Сағыз*

*Тілге скребка*



# *Пайдаланылған әдебиеттер*

○ *Терапиялық стоматологиялық оқулық*

*\*Ақнұр баспасы 2014\**

*Д.М Мезгілбаева*

*С.Ж Абдикаримов*

*Н.Ғ Сапаева*

○ [www.google.kz](http://www.google.kz)

○ [www.yandex.ru](http://www.yandex.ru)